

**Сүгір Әліұлы атындағы жалпы орта мектебінде 2023-2024 оқу жылының  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік бірлестігінде атқарылған  
жұмыстарға  
ТАЛДАУ**

2023-2024 оқу жылында бірлестікте 6 мұғалім - М.Аққұлиева, Б.Мырзабекова, А.Имашева, А.Байс, А.Ауелханова, Ж.Жұмабаев барлығы 17-18 сағат апталық жұктемемен жұмыс жасады.

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы Заңының» орындалуын жүзеге асыру және мемлекеттік тілдің аясын кеңейту, тіл мәдениетін көтеру, шешендік өнерді насихаттау мақсатында және 5 қыркүйек «Қазақстан халықтарының тілдері» күні мерекесіне орай **2023 жылдың 05-15 қыркүйек күндері аралығында «Мемлекеттік тіл-ұлт бірлігінің басты факторы»** атты қазақ тілі мен әдебиеті пәні апталығы болып өтті. Апталықтың іс-шара жоспары жасалып, мектеп директорымен бекітілді. Жоспар бойынша 5-11 сыныптар аралығында тақырыпқа сай құттықтау-тілек газеттері шығарылды.

9-11 сыныптар арасында **«Тіл-халықтың байлығы»** тақырыбында эссе жазу байқауын А.Байс ұйымдастырып, қазақ тілінің қолданылуы, оның дәрежесі мен мәртебесі жайлы көркем тілмен жаза білген 9 «Ә» сынып оқушысы Созақбай Назерке мен 11 «Ә» сынып оқушысы Есенгелді Береке өздерінің эссе жазу шеберліктерін көрсете білді.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында, болашағымыздың сауатты ұрпақ болуына байланысты пән мұғалімдері сынып аралық жалпы республикалық сауаттылық күніне орай барлық сыныптардан диктант жұмыстары алынып, қорытынды кеште марапатталды.

11 қыркүйек 9-11 сыныптар арасында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 151 жылдық мерейтойына орай **«Тіл мәртебесі-ел мәртебесі»** атты тіл жанашырларының байқауын М.Аққұлиева өткізіп, 9 сынып оқушысы Қуаныш Ернұр бас жүлдені иеленіп, аудандық жарыстан **Алғыс хатпен** марапатталды. Мұғалімдер мен оқушылар арасында үш тілде челендж ұйымдастыру барысын Ж.Жүрсін өткізіп, әлеуметтік желіге жарияланды.

**«Тілім менің газырларға аманат!»** тақырыбында педагогтердің үздік өлеңдер сайысы бойынша А.Байс мектеп ұжымы арасындағы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында мектепшілік пән бірлестік мұғалімдердің арасында өткізілген үздік көркемсөз сайысынан бастауыш пән мұғалімі **Төрбаева Гаухар I орын** жүлдені қанжығасына байлады.

Барлық іс-шараға қатысқан оқушылар мен ұстаздар қорытынды әдеби-сазды кеште мектеп директорының марапатымен марапатталды.

Оқушыларымыз апталық барысында «Тіл туралы заңның» орындалуын жүзеге асыру мақсатында аудандық білім бөлімінің әдіскері З.Бөкенованың ұйымдастыруымен өтіп жатқан шараларға қатысып, құр алақан қайтпады. Атап айтсақ: «І.Жансүгіров оқуларынан» А.Ауелханованың жетекшілігімен мектебіміздің тіл жанашырлары 10 сынып оқушысы Абдіразақ Бақдаулет сайыстан III орын, «Абай оқуларынан» Б.Мырзабекованың жетекшілігімен 8 сынып оқушысы Қуандық Балнұр көркемсөз шеберлігімен III орынды иеленсе, «Әбіш оқуларынан» Ж.Жұмабаевтың жетекшілігімен сахыналық қойылым бойынша II орын, «М.Мақатаев оқуынан» Абдіразақ Бақдаулет II орын, Халықаралық «Атадан мұра» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Ж.Жүрсіннің жетекшілігімен Абдіразақ Нұрасыл I орын мен Қазыбек Нұрислам «Бас жүлде», оқушыларды дайындағаны үшін Ж.Жүрсінге «Алғыс хатпен» марапатталды. Мектебіміздің пәндік олимпиадаға байланысты А.Байстың жетекшілігімен 7 сынып оқушысы Тоқа Мерей III орын, Ауелханованың жетекшілігімен 8 сынып оқушысы Қыдырәлі Ақмаржан II орынды иеленді.

Республикалық лингвистика олимпиадасының аудандық кезеңінен М.Аққұлиеваның жетекшілігімен 9 сынып оқушысы Қамбарбек Құлпынай III орынды иеленді. Бұл әрине мектебіміздің оқу жылының басты жетістігі.

### Мұғалімдердің жетістіктері

Қ/с	Аты жөні	Байқаудың аты	Марапаты
1	Аққулиева Мереке	«Ахмет оқулары»	Алғыс хат
2		Республикалық лингвистикалық аудандық кезеңі	ІІІ дәрежелі диплом
		«М.Мақатаев оқуларынан»	Мадақтама
3	Ақмарал Ауелханова	«Өрлеу» біліктілікті арттыру	Мадақтама
		«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	ІІІ дәрежелі диплом
		«Махамбет оқулары» облыстық кезең	І дәрежелі диплом
		Білім саласын дамыту үшін білім бөлімінен	Алғыс хат
		7-8 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі	ІІ дәрежелі диплом
4	Ақмарал Имашева	«ПЕДСТАРТ» Республикалық қашықтық олимпиада	І дәрежелі диплом
		«Жаңашыл педагог-2024» Өрлеу	І дәрежелі диплом
		«Өрлеу» біліктілікті арттыру	Мадақтама
		«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	І дәрежелі диплом
5	Ақтолқын Байс	«ПЕДСТАРТ» Республикалық қашықтық олимпиада	ІІ дәрежелі диплом
		«Өрлеу» біліктілікті арттыру	Мадақтама
		7-8 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі	ІІІ дәрежелі диплом
		«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	ІІ дәрежелі диплом
6	Б.Мырзабекова	Аудандық «Абай оқуынан»	ІІІ дәрежелі диплом
		5-6 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі	ІІІ дәрежелі диплом
7	Ж.Жұмабаев	«ART ВАІТЕРЕК» үздік өнер көрсеткені үшін	Бас жүлде
		«ART ВАІТЕРЕК» үздік өнер көрсеткені үшін	І дәрежелі диплом
		«Ұлы дала ұрпағы » Республикалық көркесөз оқу	І дәрежелі диплом
		« Әбіш оқулары» аудандық кезеңі	ІІ дәрежелі диплом

**Қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік бірлестігінің жетекшісі    А.Байс**